

завершить. Развитие речевой коммуникации (на конец года она составила низкий уровень - 11%, средний – 34%, высокий -55%).

Таким образом, в результате проведенной работы у дошкольников расширился круг общения, повысилась самооценка, улучшилось статусное положение, сформировались коммуникативные навыки.

Данные результаты свидетельствуют об эффективности проведенной работы, направленной на формирование коммуникативных способностей детей старшего дошкольного возраста.

Список литературы:

1. Дубина Л. А. Коммуникативная компетентность дошкольников: Сборник игр и упражнений. – М.; 2006.
2. Чернецкая Л. В. Развитие коммуникативных способностей у дошкольников. – М.; 2005.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУ ҮРДСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Абдикамалова К.К
«№54 ЖББОМ» КММ
Кунанбаева-Маканова М.
«№34 ЖББОМ» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

Әр ғасырда кез – келген ғалымның өз жетістіктері бар (педагогика, психология, философия т.б.). Ғылымдағы жетістіктер ең алдымен қоғамның, адамның рухани және материалдық дамуына үлкен ықпалын тигізеді. Қазіргі кезеңде Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Жаңа білім беру парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік дағдысын емес, оның тұлғасын, білім арқылы дамуын қойып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруы.

Қазақстан Республикасының білім туралы Заңында оқыту, формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы берілген, білім мекемелерінің ұстаздарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез – келген үлгімен, немесе авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Сондықтан жоғарыда аталған мүмкіндіктерді жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану мұғалімнен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Осыған орай біздің мақсатымыз да « Бастауыш мектептің педагогикалық үрдісінде инновациялық технологияның тиімділігін арттыру болып» табылады.

Міндеттеріміз:

- сабақта оқытудың әр түрлі тәсілдерін қарастыру;
- әр оқушының психологиялық, физиологиялық және жеке – дара ерекшеліктерін ескеру;
- міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерге көшу;

Сабақ үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану. Қазіргі білім беру технологияларының қарқынды дамып, оқу үрдісінде енуі нәтижесінде төмендегі мүмкіндіктерге ерекше мән беріледі:

Білім мазмұны ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы, оқу бағдарларламаларының нақытлануымен байи түсті;

Ақпараттық дәстүрлі әдістер компьютерлік құралдарға орын берді;

Баланың жеке басын тәрбиелеуде оның рухани жан дүниесінің баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына баса назар аударылады;

Бала тәрбиесінің бірлігіне (отбасы, мектеп, қоршаған әлеуметтік орта) ұмтылыс жасалады;

Педагогикалық технологиялар қолданыс тауып, білім – ғылымның рөліне ерекше мән берілді.

Бүгінгі білім тәжірибесі – дидактиканың алдына жаңа, ғылыми тұрғыда шешімін табуға тиісті мәселелерде қойып отыр. Мұндай мәселелердің бірі болып келесі мәселелер көтерілген «Білім беру саласында қажетті көрсеткіштерге қалай жетуге болады?». Бұл сұраққа дидактика оқыту технологиясымен (педагогикалық технология) бірлесіп және оның көмегімен жауап береді.

«Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдибеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдарымен байланысты сан алуан:

Оқытудың технологиясы;
Педогогикалық технология;
Білім беру технологиясы;
Тәрбие технологиясы;
Қарым – қатынас технологиясы;
Даму технологиясы;
Модульдік технологиясы;
Топтық оқыту технологиясы т.б.

Сонымен технология ұғымының анықтамасына тоқталып өтейік. «Технология» – ұғымы грек тілінен енген екі сөзден тұрады. «Техне» – өнер, шеберлік және «логос» – білім, оқу, ғылым деген мағыналарды білдіреді. Сондықтан, «технология» терминін қазақ тіліне аударса «өнер туралы ғылым» немесе

«шеберлік туралы ғылым» деп аударуға болады.

Технология дегеніміз – белгілі бір үрдістерде жүзеге асыру әдістері жайындағы білімдердің жиынтығы.

Технология дегеніміз – оқу үрдісін жандандыру мақсатында ұйымдастырылған, белгілі бір мақсатқа жұмылдырылған, алдын – ала ойластырылған ықпал мен әсер.

Инновациялық технологиялардың бірі педогогикалық технологияның анықтамасын қарастыратын болсақ:

Педогогикалық технология дегеніміз – ұстаздың кәсіби қызметін жан – жақты қамтамасыз ететін және жоспардағы басты міндетті орындаудың негізгі кепілі бола алатын технологиялық іс – шаралар жиынтығы.

Оқу үрдісін жобалаудың технологиялық дәрежеге шығуы және бұл жобаның ойдағыдай орындалуы ұстаздың кәсіби деңгейін арттыра түседі, оның тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады, мұғалімнің шығармашылық жағынан дамуына жаңа мүмкіндіктер тудырады. Технология оқу үрдісімен – мұғалім мен оқушының іс – әрекеттерімен, байланысты. Педагогикалық технологияның құрылымына:

Оқытудың мазмұндық бөлігі;
Оқытудың мақсаттары жалпы және нақты;
Оқу материалының мазмұны;
Технология үрдісі;
Оқу үрдісін ұйымдастыру;
Оқушылардың оқу іс – әрекетінің әдістері мен формалары;
Мұғалімнің жұмысының әдістері мен формалары;
Оқушылардың оқу материалын игеруін басқарудағы мұғалімнің іс – әрекеті;
Оқу үрдісін диагностикалау жатады.

Қазақстанда Ж.А.Караевтың, Ә.Жүнісбектің және т.б. ғылымдардың педагогикалық оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда. Соның бірі – деңгейлеп оқыту технологиясы [3]. Оқытудың басты міндеті өздігімен білім алып дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан оқулықтағы теориялық материалдардың берілуі осы мақсатты қанағаттандыра алатындай болып, оқушылардың өз бетімен білім ала алуына бейімделіп құрылуы керек. Мемлекеттік тілді меңгерту көп деңгейлік оқыту арқылы іске асырылуы мүмкін екендігін белгілі ғалым, профессор Ж.Оразбаева мен М.Жанпейісовалар да құптайды.

Жаңа технологияның мақсаты бойынша оқытуды ізгілендіру керектігі бәріне мәлім. Ол – оқыту құралдарына деген көзқарасты да өзгертуді талап етеді. Бұл өзгерістер бойынша оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс – әрекетін жүргізе алатындай оқу құралдары жаңадан баспадан шығарылып жатыр. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына бейімделген жаңа типті оқулықтар қажеттілігі туындап отыр.

Осы тұрғыда ғалым М.Жанпейісова жаңа модульдік технологияны пайдаланып, мемлекеттік тілді мектеп қабырғасынан тиімді оқыту әдістерін ұсынады. Қазақ тілі оқулықтарында модульдік технология әдістері арқылы тіл үйренуге, қарым – қатынас жасауға, алған білімін өмірде пайдалануға, тынып білуге талпыныстың пайда болуына жетелейтін коммуникативтік ұстанымдар басшылыққа алынған. Мысалға: Қазақ тілі. 3 модуль. «Менің отбасым» тақырыбын қарастырсақ және осы тақырып бойынша деңгейлік тапсырмалар құрастыратын болсақ:

1 деңгей – «Менің отбасым» тақырыбы төңірегінде сөйлей білу.

2 деңгей – Осы тақырып бойынша өтетін сөздерді, сөз тіркестерін сөйлемдерде дұрыс қолдана білу.

3 деңгей – Зат есімнің сұрақтарына дұрыс жауап бере алу. Мысалдар келтіру. Бірінші деңгейдегі тапсырмалар өмірмен байланысты болады. Екінші деңгейдегі тапсырмалар, өтіп кеткен тапсырмаларды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Үшінші деңгейдегі тапсырмалар шығармашылық деңгейдегі тапсырмалары, яғни оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жанаша бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген.

Деңгейлік тапсырмаларды енгізгендегі мақсат – сынып оқушыларын «қабілетті» және «қабілетсіз» деп жасанды түрде әртүрлі топқа бөлуді болдырмау.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Астана, 2000.
2. Назирова А.А., Мусаева М.О., Исакова Қ.Ш. Аймақтық ғылыми – практикалық конференция. – Қ., 2003.
3. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007.

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ЦЕРЕБРАЛДЫ САЛ АУРУЫНА ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ КЕЗІНДЕГІ ЫРҒАҚТЫҚ ГИМНАСТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Алипбаева Г.А., Бекежанова Р.К.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қаласы

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласы

Емдік дене шынықтыру – алдын алу, емдеу және қайтадан қалпына келтіру мақсатындағы дене шынықтырудың әр алуан құралдарды қолдану жүйесі. Ол дегеніміз – емдік дене шынықтыру сабақтары тірек-қимыл аппаратын, яғни бұлшық ет, сүйек, сіңір мен буынды бекітуге көмектеседі, оның мақсаты – балалардың церебралды сал ауруына шалдыққан балалардың физикалық дамуына ықпалын тигізу.

Тақырып қазіргі уақытта өте өзекті, себебі күннен-күнге балалардың церебралды сал ауруына шалдыққан балалар көптеп дүниеге келуде. Негізгі қимыл дағдылары туғаннан бастап – бала алғашқы қадамдарын жасағанға дейін қалыптасады. Ары қарай олар жай ғана жетілдіріледі. Дене шынықтырудың басқа түрлерінен ырғақтық гимнастика мазмұнымен емес, мақсаты мен мөлшерімен ерекшеленеді. Бала ағзасының өсуі және салмағының артуы барысында гиподинамия, байланыс аппаратының созылуынан, ерекше тонус салдарынан физикалық тұрғыда артта қалулар орын алады. Жүйелілікті сақтай отырып, балалардың церебралды сал ауруында формасы мен күрделілік деңгейін, жасын да ескеру қажет. Ырғақтық гимнастика бала ағзасына сауықтыру және жалпы бекіту әсерін туғызады; алмасу үдерістері мен қан айналымын жақсартады; қоршаған ұлпа арасындағы жабысулардың алдын алады; әлсізденген бұлшық еттерді бекітеді, қимыл үйлесімдігін қайта қалпына келтіреді, омыртқаның қисаюымен күреседі. Ырғақтық гимнастика бағдарламалары балалардың церебралды сал ауруына шалдыққан балаларды емдеуде басты орынға ие. [1]

Ырғақтық гимнастика көмегімен балалардың церебралды сал ауруына шалдыққан кіші мектеп жастасындағы балалардың функционалдық белсенділігін дамыту, әлеуметтік бейімделе алмауын жеңу, толыққанды физикалық дамуына қол жеткізу, олардың денсаулығын сақтау және бекіту қазіргі күні өте өзекті болып табылады. Жүйке аурулары мен салға ұшырау жағдайында емдік мақсатта ырғақтық гимнастикамен айналысу келесі міндеттерді орындайды:

Жұмыс қабілетін қайта қалпына келтіру үшін ағзаға сауықтыру және жалпы бекітуге әсерін тигізеді;

Жүйке-тамырлық және алмасуының бұзылуын жою немесе төмендету үшін зақымдалу ауданындағы қан айналымы мен алмасу үдерістерін жақсартады;

Жүйке мен қоршаған ұлпа арасында жабысулардың пайда болуының алдын алады, егер де ондай жабысулар болса – сау ұлпалардың жабысқақ құрылымдарды алмастыру қабілетін дамытады;

Әлсізденген бұлшық еттерді бекітеді, қимыл үйлесімділігін қайта қалпына келтіреді, онымен бірге жүретін зақымданулармен күреседі: омыртқа қозғалысының қисаюы мен шектелуі.

Осылайша, ырғақтық гимнастика баланың қимыл аппараты мен сіңірінің нашар жұмыс істеуімен байланысты көптеген мәселелерді шешеді.

Ырғақтық гимнастиканың барлық қимылдарын шартты түрде келесідегідей жіктеуге болады: